

Хаттама №7

Ата- аналармен семинар - практикум

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі бала дамуындағы ата ана білімі»

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата - ана білімінің қажеттілігін біле отырып сезіну, өзара талдау, тәжірибе алмасу арқылы бала тәрбиесіндегі ата- ана білімдерін одан әрі жетілдіру. Ата аналарға тарату мәселелерін қарастыру. Мектепке дейінгі бала дамуының ерекшеліктері, балалар дамуындағы құндылықтар туралы ата ана білімін толықтыру, баланың тұлғалық дамуына қажетті мәселелермен пікір алысу.

Өтілу барысы:

Семинардың ашылуы:

- Ақтөбе қаласы № 45 «Алтын бала» бөбекжай- балабақшасы меңгерушісі:
Жүсупова Ш.Т

«Өнерден шашу шашайық» - музыкалық шашу, музыка жетекшілерінің ұйымдастыруымен.

«Баланың тұлғалық дамуында ата -ана білімі» тақырыбында ауызша психологиялық оқу. Психолог: Шангалаева Р.

«Мен түсіндіре, сен түсіне алдың ба?» Ата - анамен балаға психологиялық эксперимент. Психолог: Шангалаева Р

«Бала дамуындағы ата ана» тақырыбында ата- аналармен тренинг сабақ.
Психолог: Шангалаева Р

«Білім сатысы» атта кері байланыс.

1.«Бала» сөзіне талдау жасау.

2.Баланы дамытушы фактор дегенді қалай түсінеміз?

3.Баланың тұлғалық қалыптасуына қажетті құбылыстар

4.Видео көрсету, талдау.

5.Баланы дамыту дизайны

- Адам кім?

- Дамытушы құрал, әрекет, не?

- Балаға қажетті құндылықтар, неге?

- Ұйымдастырылатын процестер, қалай?

- Дамытушы уақыт, қашан?

- Дамытушы орта, қайда?. Ата аналармен бірлесе талдау.

6. Ата аналармен жұмыс

7. «Бала дамуындағы ата ана» тақырыбында ата- аналармен тренинг сабақ.

Топтасады мозайка әдісімен.

Үш топқа тақырып беріледі. Ата-аналар сол тақырып бойынша өз ойларын ортаға салады.

I.Бала –білімді әрі тәрбиелі болып өсуі үшін ата-ана қандай жағдай жасауы керек?

II. Балаларды теріс қылығы үшін жазалау керек пе?

III. Тәрбиеші мен ата –ана байланысының тиімділігі бар ма?

Ата- аналар «Баладан- тұлға келбетіне» атты келбет құрастыру.

Жағдаяттармен жұмыс.

(«Бала- ата анаға» жадынамасы):

Маған деген қарым- қатынаста күшіңізге сенбеңіз. Бұл мені тек күшпен ғана есептесу керек дегенге үйретеді.

Өзіңіз орындай алмайтын уәделер бермеңіз: бұл менің өзіңізге деген сенімімді әлсіретеді.

Мен «Сізді жақсы көрмеймін» деп айтқанда аса қатты ренжімеңіз.Мен шын мәнінде олай ойлаған жоқпын. Тек сіздің маған жаныңыздың ашуын қалаймын.

Менің жасай алмайтын нәрсемді мен үшін жасамаңыз. Мен бұдан былайда сізді қызметшім ретінде пайдалануды жалғастыра беруім мүмкін.

Бөтен адамдардың алдында менің айтқанымды түзетпеңіз. Егерде сіз көзбе - көз барлығын жәй ғана түсіндірген болсаңыз, мен сіздің пікіріңізге одан да артық көңіл аударатын боламын.

Маған уағыздар мен ақыл айтуға тырыспаңыз. Мен ненің жақсы, ненің жаман екенін тамаша білетінімді білгенде, өзіңіз де таң қалатын боласыз.

Менің қылығым – күнә деп сезінуге мені мәжбүрлемеңіз. Мен өзімді ештеңеге жарамайтын деп сезінбей -ақ, қателіктер жасауға үйренуім керек.

Менің адалдығымды тым асыра сынамаңыз. Қорыққаннан кейін, менің өтірікшіге айналуым оңай.

Мені өзім жасаған қателіктерден қорғамаңыз. Мен өзімнің жеке тәжірибемнің арқасында үйренемін.

Мен сізге ашық сұрақтар қойғанда, менен құтылуға тырыспаңыз. Егер сіз жауап бермеген болсаңыз, мен сұрақ қоюды қойып, өзіме қажет ақпаратты сырттан іздейтін боламын.

Біз екеуміз сирек боламыз деп уайымдамаңыз. Бастысы, бірге болған уақытты біздің қалай өткізетінімізде екенін естен шығармаңыз

Бірақ, ең бастысы! Мен сізді барлығынан да артық жақсы көремін!

Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіздің ата аналық қуанышыңыз үшін ғана дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді.

А.С.Макаренко

Біздің балалар қарттығымыз. Жаман тәрбие болашақ қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз.

А.С.Макаренко



